

№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы



Түзете-дамытушылық

Әдістеме: «Құмырсқаларға көмектес»

Топтың аты: 4 жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама №24

Зерттеуші топ: 4 жас тобы

Зерттеу уақыты: 13.12.2022

Тобы: Ботақан

Түзету-дамытушылық: «Құмырсқаларға көмектес»

Мақсаты: Ерекшеліктердің образдары мен оларды айтып жеткізетін сөздар арасындағы тұрақты байланысты дамыту, ерекшеліктерді анықтау және абстрактылауға үйрету.

Материал: Логикалық блоктар жинағы, балалар санына сәйкес аузы үстінен ашылатын қораптар (үйлер).

Мазмұны.

I

Балалардың алдарына блоктар (құмырсқалар) қойылған. Ерексек адам оларға мынадай әңгіме айта бастады: Құмырсқа ананың көңілді де зейінді көп балалары болыпты, олар үйлерінен қаша береді екен, сосын үйлерінен келетін жолда әрең деген тауып, келетін көрінеді, ал олардың кебйірі тіпті ү\қалың орманда адасып, келе алмай қалады екен. Сондықтан құмырсқа-ана балаларын жылдам үйге келуге үйретпекші болады. Бірақ бұл оның жалғыз өзінің қолынан келмейді, балалар көп қой, сондықтан құмырсқа- ана балалардан көмек сұрап отыр.

Әрбір бала үйшік алады. Психолог қандай құмырсқалар үйлерге тығылулары керек екенін айтады (мысалы, қызыл), ал балалар үйшіктерін тиісті блоктарды жасырады. Соңында үйшіктерді ашып, оған басқа түсті блок (құмырсқа) салынбағанын тексереді. Тексеріп, қателерін түзетіп болған оң, блоктарды орнына қайтарады.

Психолог барлық үлкен құмырсқалардың (барлық дөңгелек немесе барлық төртбұрышты еместерге, көк емес, жуан еместерге және т.б.) тығылуына бұйрық береді.

Алдымен жүргізушінің ролын (құмырсқа-ананың) бір ерексе адам ойнады, содан кейін балалар кезекпен ойнайды.

Жаттығулар қайталанып келетін жағдайда ойын тапсырмалар өзгеріп отырады (тышқандарға мысықтан жасырынуға көмектесуге, жарлық жеуге жарамды саңырауқұлақтарды теруг және т.б.).

II

Психолог үйшікке түсуге тиісті блоктардың (құмырсқалардың) бірден екі ерекшеліктерін атайды (үлкен дөңгелек немесе кішкентай қызыл, төртбұрышты қызыл емес, үлкен үшбұрышты емес). Ересек адам баланың ерекшеліктердің құрамдарын жаңадан ойлап айтып отырғаны үшін оған ілтипат білдіріп отырады.

III

Психолог үйшікке түсуге тиісті блоктардың (құмырсқалардың) бірден үш ерекшеліктерін атайды (үлкен дөңгелек қызыл немесе кішкентай төртбұрышты сары, қызыл үлкен үшбұрышты емес, жуан үлкен емес көк емес, сары емес жіңішке емес дөңгелек емес).

Әр кезде баларға қызықты ойын тапсырмалары беріліп отырады, ересек адам баланың ерекшеліктердің құрамдарын жаңадан ойлап табуға деген ұмтылысын әрқашан мақтап отырады.

Қорытындысы:

4 жас тобына «Құмырсқаға көмектес» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді. Топтың балаларын белсенділікпен қатысты деп айтуға болады. Әр бала өздерінің ерекшеліктерін көрсетті.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Елшибекова.А.О